



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

грамматическом строе исходного и переводного языков, а также широкий диапазон семантических значений, который в поэтическом языке актуализируется именно в рамках концептуального пространства каждого отдельного стихотворения. Так, слово «индейцы» (прямой перевод - «Indians»), здесь передано путем замены на «tribals» («племена»). Следовательно, при переводе нужно не только ясно осознавать прагматическую установку, глубинный смысл поэтического текста, но и суметь адаптировать его на переводном языке, достигнув созвучия всех компонентов стиха. При этом достижение синтаксического параллелизма конструкций, ритмико-стилистического соответствия также требует кропотливого труда.

Что касается самого процесса перевода, он предполагает выстраивание специфической модели (схемы) перевода. Комиссаров трактует модель перевода как ряд мыслительных операций, путем выполнения которых можно осуществить процесс перевода всего оригинала или некоторой его части [4, с. 410]. Однако невозможно проследить все действия переводчика, так как они осуществляются в сознании, из чего следует, что переводческие модели носят гипотетический характер и каждая модель перевода – индивидуальна. Тем не менее, в процессе, как правило, участвуют три стороны: автор исходного текста, переводчик и читатель (слушатель) переведенного текста.

В нашем случае процедура осуществления процесса перевода относится к числу нетрадиционных, поскольку мы попытались перевести поэтический текст самостоятельно, применив следующую схему: оригинал (исходный текст) – автор – перевод (текст перевода). В этом заключается особенность авторского перевода, в результате которого преобразование одной картины мира на другую с помощью различного рода трансформаций и способов перевода прослеживается более явно, на своем опыте.

В целом считаем, что наше видение оригинала и собственного перевода удовлетворяет заданным условиям. Возможность такого перевода обусловило знание английского языка в той степени, которая позволяет передать исходный смысл стихотворения на иностранном языке. Необходимо отметить, что художественный перевод в значительной степени относится к сфере творчества. Поэтому важно не просто точно и полно переформулировать мысли автора на другом языке, но и создать симметричную систему образов, гамму эмоциональных красок, индивидуальность авторской манеры, применяя творческий подход. Все это в совокупности позволяет передать глубинный смысл произведения.

Список литературы

1. Швейцер А.Д. Теория перевода. Статус, проблемы, аспекты. М., 1988. – 215 с.
2. Жирмунский В.М. Введение в литературоведение: Курс лекций 1945 - нач. 1960-х гг.. СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 1996. – 440 с.
3. Бахтин М.М. Проблема текста//Собр. соч.: в 7-ми томах. Т.5. - М.: Русские словари, 1997. – 731 с.
4. Комиссаров В.Н. Теория перевода. - М., 2002. – 253 с.

УДК 81

САЯСИ ДИСКУРСТА ШЕШЕНДІК ӨНЕР ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ КӨРІНІСІ (ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АҚШ ПРЕЗИДЕНТТЕРІНІҢ ЖАЗБА МӘТІНДЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ)

Бокаева Айнаш Нуржановна

bokaeva_an@enu.kz

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г. Астана, Казахстан

«Шешендік сөз қашанда көркем, осы қасиетімен ол көпшілікті қызықтырады» [1]. Дегенмен, шешендік өнер тәсілдері тілді тек көркемдеп қана қоймай, пікірге нандыру, сендіру мақсатымен қолданылады. Сондықтан, сонау ежелден келген шешендік өнер тәсілдер саясаткерлерге өздерінің көздеген мақсаттарына жетуге көмектеседі. Сондықтан, саясаткер үшін шешен болу – басты шарт. Алайда, саясаткерлердің сөйлеген сөздерінде ұлттық-дәстүрлік ерекшеліктерге байланысты белгілі тәсілдер басым болуы мүмкін.

Берілген мақалада Қазақстан және АҚШ Президенттерінің жиі қолданатын шешендік өнер тәсілдері көрсетілген. Зерттеудің дерек көздері ретінде 2009-2012 жылдар аралығында Н. Назарбаевтың және Б. Обаманың 9 рет сөйлеген сөздері пайдаланылды.

Біздің талдауымыз көрсеткендей, Н. Назарбаев пен Б. Обама қайталаудың әр-түрлі түрлерін қолданады. Мысалы Н.Назарбаев өзінің сөздерінде дыбыстық қайталауды, оның ішінде аллитерация мен ассонансты өте жиі қолданатынын байқадық:

Бодан жұртты бүгіндей бостан күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық...дүниені дүрбелеңге салған дағдарыстан демікпей шығып, дамудың даңғыл жолына батыл бет бұрдық... Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты... Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаматтығымыздың алдаспаны... Бүгін елдің ақжолтай сенімін, абыройлы аманатын арқалаған мен үшін ерекше тебіреніске толы айрықша айшықты күн...сенім артқан халқыма ақжарма алғысымды айтамын...Ұлаңғайыр далада бірлігі бекем, ұлысы ұйысқан.....күллі әлемге бейбітшілік пен келісімнің қиелі кілтін ұсынды...төрткүл дүниеде терезесі тең еңселі жұртқа, абыройы асқан айбынды елге айналдыру – менің өмірлік төршіл мұратым.. Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты.

Президент дыбыстық анафораны да қолданады:

Тәуелсіздік – тәуменді жұртқа тәуекел берді...

Өлеңде кең қолданылатын дыбыстық қайталауға рифма да жатады. Оны да Президент жиі қолданады:

әлеуеті асқан, дәулеті тасқан...тілегі бір елдің тірегі...бүгінгі жеңісім – бұл халқымның ынтымақ-бірлігінің мәуелі жемісі... Біздің бағдарымыз – айқын, ендеше, болашағымыз – жарқын! Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ақжүрек жұртымның қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін.

О. Бүркітов [4] айтқандай «...дыбыстық қайталамалардың кеңінен қолданылатын ортасы – өлең өрімі». Осылайша дыбыстық қайталаулар (қайтамалалар) өлең шумақтарында кең қолданылады, және қазақ халқына импровизаторлық өнер тән болған соң, Президенттің осы тәсілдерді жиі қолдануы – ұлттық-дәстүрлі ерекшеліктің белгісі. «Осы шешендік тәсілдердің әсерлілігі қайталауда ғана емес, дыбыстардың үндестігінде, сөйлеудің әуезді айтылуында. Дыбыстардың біркелілігі құлаққа жағымды естіледі» дейді Қосымова Г.

Ал Б.Обаманың жиі қолданатын қайталау түрі – сөздік немесе фразалық анафора:

Together, we determined that a modern economy requires railroads and highways to speed travel and commerce, schools and colleges to train our workers. Together, we discovered that a free market only thrives when there are rules to ensure competition and fair play. Together, we resolved that a great nation must care for the vulnerable, and protect its people from life's worst hazards and misfortune (лексикалық анафора).

You and I, as citizens, have the power to set this country's course. You and I, as citizens, have the obligation to shape the debates of our time – not only with the votes we cast, but with the voices we lift in defense of our most ancient values and enduring details... We may have differences in policy, but...We may have different opinion, but...We may have different backgrounds, but...No matter who you are. No matter where you come from (фразалық анафора).

Қосымова Г. анафора мен эпифораны да өлең жолдарында қолданатын тәсілдерге жатқызады. Дегенмен, Б. Обаманың ол тәсілдерді қолдануында әйгілі американдық шешен Мартин Лютер Кингтің және ең бірінші қара түсті ОАР президенті Нельсон Манделаның әсері көрінеді. Ол адамдар нәсіл теңдік үшін күрескен әйгілі қара нәсілді шешендер, және

олар өздерінің әйгілі әлемді өзгерткен сөйлеген сөздерінде (М.Л. Кинг – *I have a Dream*; Н. Мандела – *I am the First Accused*) анафораны өте жиі қолданады. Сондықтан Американың алғашқы қара нәсілді Президенті үшін ол шешендер беделді адамдар болып табылады. Оған қоса, үшеуі де Нобель сыйлығының иегері.


Афанасенко Е. В. [2] саяси дискурс мәтіндерінде семантикалық қайталаулар көптүрлі жеке қызметтер атқарады дейді: 1) екпін түсіру, жазбаша мәтіндегі немесе монологтық сөздердегі негізгі ойды бөліп көрсету; 2) диалогтың тақырыбына екпін түсіру және қарым-қатынасты ұстап тұру; 3) екі түрлі мағына берудің алдын алу мақсатында, айтылған ойды нақтылау; 4) метатілдік түсіндіру; 5) жауаптан ауытқу, әңгіменің тақырыбын ауыстыру; 6) келіспеушілікке назар аудару, әңгімелесушінің ойын жоққа шығару; 7) қарсы қоюшылықты сызып көрсету; 8) тавтологиядан сөздің сыртқы формасын қайталау арқылы құтылу. Сонымен қатар автор қайталаулардың көп саны жазбаша, алдын-ала ойланып алынған сөзден көрі ауызша кездейсоқ сөздерде жиі кездеседі дейді.

Б. Обама негізгі ойын көрсету үшін анафораны қолданып, оған екпін түсіреді. Н. Назарбаев сөздік немесе фразалық анафораны сирек қолданады: Мы это доказали. Мы это докажем снова.

Саяси дискурста метафораның да мәні зор. Дж.Лакоффың [3] ойына сүйенсек, метафоралар «мәдениеттің айнасы» болып саналады, яғни саяси метафоралар бізге белгілі елдің мәдени және ұлттық құндылықтары туралы мағлұмат береді. Метафораны бейнелі түрде біреулердің оң немесе теріс көзқарасына қарамастан ұлттық сананы көрсететін айнамен салыстырады. Әлемнің метафоралық суреттерінде ұлттық ойлаудың ерекшеліктері көрінеді. Бұл белгілі бір саяси кезеңге тән. Себебі саяси оқиғалар шындықты ойлауға және қатынасқа түсушілердің тілдік құралдарды қолдануына жиі әсер етеді. Метафоры менталитеттің және халықтың ұлттық санасының ерекшеліктерін көрсетеді.

Екі мәдениеттің (Қазақстан және АҚШ) ерекшеліктерін және ол елдердің ұлттық санасын түсіну үшін біз Н.Назарбаев пен Б.Обаманың сөйлеген сөздеріндегі метафораларында қандай ұғымдар жиі кездесетінін зерттедік. Нәтижелер келесі кестеде берілген:

Президенттердің сөздеріндегі метафоралардағы жиі қолданыстағы ұғымдар



Келтірілген кестеде біз екі президенттердің де басқа ұғымдарға қарағанда «табиғат» ұғымына қатысты метафораларды (метафораларға біз ауыспалы мағынада қолданған барлық сөздер мен мөз тіркестерін жатқыздық – идиомалар, теңеулер және т.б.) жиі қолданғанын көре аламыз. Алайда, Н.Назарбаев Б.Обамаға қарағанда табиғатқа қатысты метафораларды екі есе көп қолданған (Н.Назарбаев -15 рет, Б.Обама – 8 рет). Қазақ халқы көшпелі халық болған, және қазақтардың табиғатпен жақындығының ерекше болғаны Н.Назарбаевтың қолданатын метафораларында көрініс табады. Мысалы, президент қоршаған ортаға қатысты келесідей метафораларды қолданған:

«Құс» сөзіне қатысты метафоралар: *Құрметті қырандар!* (қаратпа сөз). ...

Отанымызды ынтымақ ұясына – жерұйық мекенге айналдырдық... Я всегда считал и считаю, что задачи должны открывать нацию!

«Өсімдік» ұғымы: Біз талайлы заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарын атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің бірі болдық. Әлемдегі үш елдің бірі болып, жер бетіне тарыдай шашырап кеткен қандастарымызды атамекенге жинадық... . Баршаңыз білесіздер, біздің ғылыми әлеуетіміз тамырың тереңнен алады.

«Тас» сөзі: Программа «Болашақ» стала первым краеугольным камнем в реализации казахстанской модели инновационного образования... В самом центре страны построена новая столица Астана, ставшая жемчужиной Евразии... мы живем в «стеклянном мире». Это мир – прозрачный и хрупкий. Здесь нельзя кидаться камнями.

«Тас» концептісімен метафораларды қолдану Қазақстанда жер астындағы байлықтардың көп екенін көрсетеді.

«Су» концептісі қолданылған метафоралар: Мы никому не должны позволить раскачивать лодку, благополучно плывущую в мировом океане своим курсом.

«Көлік» ұғымы қолданылған метафоралар жиілік бойынша Н.Назарбаев сөздерінде екінші орында тұр (6 метафора):

В условиях кризиса своего рода «подушкой безопасности» стал для нас Национальный фонд. Мы никому не должны позволить раскачивать лодку, благополучно плывущую в мировом океане своим курсом. Если так будет рассуждать каждый гражданин, я убежден, вся страна прибавит скорости в своем развитии. Нет предписанного для него маршрута действий по коммерциализации.

«Көлік» концептісімен метафораларды қолдану гендерлік ерекшеліктің көрсеткіші болуы мүмкін.

Н.Назарбаев сөздерінде «физиология», «кейіптеу» және «тұрмыстық зат» концептілері бар метафораларды қолдану жиілігі үшінші орында тұр (4 реттен қолданған):

«Физиология»: Казахстан должен стать страной, в которой смелые инновации будут получать путевку в жизнь, обретать плоть и кровь в научных лабораториях, на современных производствах. Ол – тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, елдігімізді тұғырлы, мемлекетімізді ғұмырлы ету! Сейчас нельзя сидеть, сложа руки.

«Кейіптеу»: Уақыт – бәріне әділ төреші. Поэтому важно перейти на новый формат, при котором государство – это не бесконечный донор, а партнер, создающий условия для роста благосостояния общества и каждого человека. Астана станет достойной наследницей знаменитого «духа Хельсинки». Астана выбрана хозяйкой всемирной выставки «ЭКСПО» в 2017 году.

Кейіптеу метафораларын қолдану қазақ қоғамындағы тұлға аралық және туыстық қарым-қатынастардың ерекше жақын екенін көрсетеді.

«Тұрмыстық зат»: Под занавес уходящего года Казахстан добился блестящей победы. Казахстанская промышленность на экспортных рынках должна быть представлена широкой линейкой отечественных брендов.

«Спорт» және «киім» концептілері бар метафоралар да қолданылған:

«Спорт»: Они подхватят эстафету творцов нового будущего Казахстана. Сбалансированная внешняя политика позволила Казахстану добиться большого успеха на мировой арене.

«Киім»: Вы знаете, я вырос из рабочей шинели и считаю, что на любом производстве, в каждом коллективе нужна трудовая дисциплина.

Б.Обама «табиғат» концептісі бар келесідей метафораларды қолданды:

I'm not an island. I'm not alone in my success. Let's invest in our people without leaving them a mountain of debt. As the tide of war recedes, a wave of change has washed across the Middle East and North Africa, from Tunis to Cairo; That's what planted the seeds for the Internet.

АҚШ Президенті 4 реттен «спорт» және «тұрмыстық зат» концептілері бар метафораларды қолданған:

«Спорт»: These nations -- they're not standing still. These nations aren't playing for second

place. . I've heard it in the frustrations of Americans who've seen their paychecks dwindle or their jobs disappear -- proud men and women who feel like the rules have been changed in the middle of the game.

Н.Назарбаев «ойын» мен «тағам» концептілері бар метафораларды қолданбаса, Б.Обама сөздерінде біз оларды кездестіреміз:

«Ойын»: *In 2008, the house of cards collapsed.*

«Спорт» және «ойын» метафораларын қолдану Америка халқының спортқа ерекше көңіл бөлетіндігін көрсетеді.

«Тағам»: *With a rule like that, I guess it was worth crying over spilled milk. . I hear it gets even more complicated once they're smoked.*

Осылайша, шешендік өнер тәсілдері әрі тілге көркемдік беретін, әрі тыңдаушыға прагматикалық әсер ететін күші бар құрал. Сол себептен ежелгі шешендердің, саясаткерлердің қолданған риторикалық тәсілдерді қазіргі кездегі саясаткерлер де кең қолданады. Шешендік өнердің белгілі тәсілдерін қолдану да елдің ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. Алматы: Баянжүрек баспасы, 2007. – 295 б.
2. Афанасенко Е. В. Семантический повтор в политическом дискурсе (на материале русского и английского языков), автореферат. Саратов, 2006. – С. 18.
3. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем // теория метафоры. - М., 1990.
4. Бүркіт О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: Филол.ғыл.док. дисс. -Алматы, 2002.

УДК 81'373:[811.111+811.512.122]

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОМПОНЕНТІ БАР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Дүйсенбекова Ақшолпан Әнетқызы

[Aksh_mila@mail.ru](mailto:Аksh_mila@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4 курс студенті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы Манапбаева А.Т.

Тіл «мәдениет көрінісінің құралы», «мәдениет компоненті» және «мәдениет бөлігі» секілді дәстүрлі түрде анықталады. Мәдениет дамуы ұлт қойнауында жиі терең қабаттасу мен әлеуметтік өзгеріс жағдайында пайда болады, дегенмен мәдени дәстүр қамтамасыз етілетін ұлт бірлігінде. Тіл мен мәдениет қатынасы «ұлт» деген компонентті қосып, «тіл-мәдениет-ұлт» деген үштікке айналды. Э. Сепир осы аумақтың методологиялық негізгі зерттеуі болған, тіл мен мәдениет феноменінің бірлігі (ұқсастықтары) мен ерекшеліктері (айырмашылықтары) туралы тезис ұсынды: «Мәдениетті анықтауға болады, берілген орта жасайды, ойланады. Тілде бар емеспе, қалай ойланатыны... Тіл мазмұны мәдениетпен ажырамастай тығыз байланыста екені белгілі». [1]

Ең алдымен тіл мен мәдениет онтологиялық жалпылама негізі бойынша байланысты. Тіл және мәдениет- бұл адам дүние танымын көрсететін сана-сезім, түсінік формасы. Негізгі тіл халықтың ішкі және материалдық мәдениетінің іске асуы және халық көрінісінің ұлттық формасы болып табылады. Соңғы рет ұлы неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдтың (1767-1835) еңбегінде қарастырылды. Ол өз «Мәдениет тілі мен философиясы» еңбегінде, тіл ол ұрпақтан ұрпаққа жететін, халық рухының іске асу нәтижесі деп қарастырды. Тіл әлем бейнесін суреттейді.